

"Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарактандыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 746 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 21 тамыздағы № 347 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 тамызда № 36666 болып тіркелді

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

#### **Колданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

#### **БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарактандыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 746 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9928 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарактандыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 63) тармақшасына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырган Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарактандыру қағидалары бекітілсін";

Жергілікті атқарушы органдардың көрсетілген бүйрықпен бекітілген Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарактандыру қағидалары осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 25 тамызда қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі*

*Ч. Аринов*

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі  
2025 жылғы 21 тамыздағы  
№ 347 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлік  
2014 жылғы 30 қазандығы  
№ 746 бұйрығымен  
бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидалары**

1. Осы Қағидалар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру тәртібін айқындайды.

2. Жергілікті атқарушы органдар өрт сөндіру пункттерін мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерде кезекші ауысымға, өрт сөндіру автомобиліне арналған, телефон байланысымен, электр энергиясымен, жылумен және сумен қамтамасыз етілген үй-жайлары бар ғимараттарда құрады.

3. Тиісті әкімшілік аумақтарда өрт сөндіру пункттерін құру, олардың материалдық-техникалық жарақтандыруын ұйымдастыру әкімнің шешімі бойынша тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

4. Өрт сөндіру пункттері осы Қағидаларға қосымшага сәйкес өрт-техникалық жарақтардың ең аз санымен жасақталған өрт сөндіру автомобилімен жарақталады.

5. Өрт сөндіру автомобилі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" қаулыға сәйкес жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етіледі.

6. Өрт сөндіру пункттерінің жұмыс істеуі үшін еркіті өрт сөндірушілер, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес жұмыскерлер тартылады.

Жергілікті атқарушы  
органдардың мемлекеттік өртке  
карсы қызметі бөлімшелері жоқ  
елді мекендерде өрт сөндіру  
пункттерін құру, оларды  
материалдық-техникалық  
жарақтандыру қағидаларына  
қосымша

### Өрт сөндіру автомобиліне өрт-техникалық жарақтардың ең аз тізбесі

| p/c № | Жабдық пен күрал-жабдықтың атауы   | Өлшем бірлігі | Саны |
|-------|--|---------------|------|
| 1     | 2  | 3             | 4    |
| 1     | Сорғыш женқұбыр, ұзындығы 4 м, диаметрі 125 мм   | дана          | 2    |
| 2     | Сорғыш женқұбыр, ұзындығы 4 м, диаметрі 75 мм  | дана          | 2    |
| 3     | Қысымды женқұбыр, гидранттан жұмыс істеу үшін латексті, ұзындығы 4-5 м, диаметрі 77 мм | дана          | 2    |
| 4     | Қысымды женқұбыр, латексті, ұзындығы 20 м, диаметрі 66 мм                              | дана          | 10   |
| 5     | Қысымды женқұбыр, латексті, ұзындығы 20 м, диаметрі 51 мм                              | дана          | 6    |
| 6     | Қысымды женқұбыр үшін СВ-125 торы, ұзындығы 12 м жібімен                               | дана          | 1    |
| 7     | РТ-70 (РТ-80) 3-тармакты тарамақталу   | дана          | 2    |
| 8     | СВ-125 қақпашалары бар женқұбырлы су жинағыш   | дана          | 1    |
| 9     | Өрт бағаны   | дана          | 1    |
| 10    | РСК-50 окпаны  | дана          | 4    |
| 11    | Лафетті жылжымалы окпан  | дана          | 1    |
| 12    | Орташа еселікті көбік генераторы ГПС-600   | дана          | 2    |
| 13    | Көлденең ара   | дана          | 1    |
|       |  |               |      |

|    |   |         |   |
|----|---|---------|---|
| 14 | Сырық-саты  | дана    | 1 |
| 15 | Ұзындығы 2,5 м металл багор   | дана    | 1 |
| 16 | Сүймен  | дана    | 1 |
| 17 | Агаш ұстасының балтасы  | дана    | 1 |
| 18 | Жеңіл өрт ілмегі  | дана    | 1 |
| 19 | Сүйір күрек   | дана    | 1 |
| 20 | Агаш қораптағы агаш кесетін қол ара                                 | дана    | 1 |
| 21 | Электр желілерін кесуге арналған аспаптар жиынтығы, оның ішінде:    |         |   |
|    | диэлектрлік тұтқасы бар қайши                                       | дана    | 1 |
|    | диэлектрлік қолғап  | жұп     | 1 |
|    | диэлектрлік боты  | пара    | 1 |
| 22 | диэлектрлік кілемше   | дана    | 1 |
|    | Электрлік топтық фонарь   | дана    | 1 |
| 23 | Автомобильге техникалық қызмет көрсетуге арналған аспаптар жиынтығы | жиынтық | 1 |
|    | Автомобильдік радиостанция  | дана    | 1 |
| 25 | Сигналдық-дауыс зорайтқыш құрылғысы                                 | дана    | 1 |
| 26 | Өрт сөндірушінің жауынгерлік киімінің жиынтығы                      | жиынтық | 1 |
| 27 | Тасмалдайтын өрт мотопомпасы  | дана    | 1 |
| 28 | Аспалы су бүріккіш  | дана    | 5 |
| 29 | Ауаурлегіштер   | дана    | 5 |
| 30 | Соқпан  | дана    | 5 |
| 31 | Авариялық-күтқару құралдарының жиынтығы                             | жиынтық | 1 |
| 32 | Радиостанция  | дана    | 3 |